Электрлік, электртаратушы реттеуші құралдар мен ұқсас жабдықтарды жөндеу қалпына келтіру жұмыстарын бір көзден шарт жасасудың негіздемесі

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабы 3-тармағының 28) тармакшасына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алу келесі жагдайларда жүзеге асырылады:

- біртектес тауарларды сатып алу кезінде, егер мұндай тауарлардың жылдық көлемі акшалай мәнде жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспаса;
- жұмыстар мен кызметтер бойынша – бес жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспаса;
- ал аудандық маңызы бар калалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін – төрт мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспаған жагдайда.

Бұл көрсеткіштер тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленеді.

Сонымен қатар, Заңның 16-бабының 5-тармағына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы, не оның міндеттерін атқарушы тұлға, немесе орталық мемлекеттік орган аппаратының басшысы не оның өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды тұлға қабылдайды.

Сондай-ақ, Заңның 16-бабының 6-тармағына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қагидаттарын сақтай отырып жүргізіледі. Атап айтқанда, Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармакшаларында көрсетілген қағидаттар.

Бұл ретте, бір көзден тікелей шарт жасасу туралы шешім қабылдаған тұлға жоғарыда аталған қағидаттардың сақталуына жеке жауапты болады.

Аталған қағидаттарды сақтау максатында Тапсырыс беруші үш (3) әлеуетті өнім берушіден баға ұсыныстарын сұратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тауарлар, жұмыстар және қызметтер бағаларының деректер базасы шығын түрлері бойынша есеп айырысу кезінде бағдар ретінде пайдаланылды.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қагидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 34-қосымшасына сәйкес, келесі баганы толтыру көзделген: бір көзден сатып алу жағдайының ерекшелігін растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірі (қызметтік жазба, корытынды, анықтама).

Осыған байланысты, Қағидалардың 510-тармағына сәйкес, шарт жасалғаннан кейін тапсырыс беруші бес жұмыс күні ішінде бір көзден тікелей шарт жасасу аркылы мемлекеттік сатып алу туралы есепті веб-порталда орналастыруы тиіс және осы қызметтік жазбаны көрсетуі керек.

Қағидалардың 506-тармағына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілін таңдаудың негіздемесі мынадай: Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармакшаларында көзделген қағидаттарды сақтау максатында Тапсырыс беруші үш (3) баға ұсынысын

сұратып, нарықтағы бағаларға талдау жүргізді. Аталған өнім берушіде осы жұмыстарды сапалы орындау үшін кажетті барлық жабдықтар мен білікті қызметкерлер бар.

Директор: **Мырзагелдиева М.К.**